

**"2020-2022 жылдарға арналған Атанши ауылдық округінің бюджеті туралы" Арал аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 300 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2020 жылғы 9 желтоқсандағы № 421 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 желтоқсанда № 7914 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 109-1 бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Арал аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Атанши ауылдық округінің бюджеті туралы" Арал аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 300 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7161 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 16 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Атанши ауылдық округінің бюджет 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 33 513,5 мың теңге;  
салықтық түсімдер – 1 471 мың теңге;  
салықтық емес түсімдер – 1 491,5 мың теңге;  
негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер – 0;  
трансферттер түсімдері – 30 551 мың теңге;
- 2) шығындар – 33 513,5 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;  
бюджеттік кредиттер – 0;  
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0;  
қаржы активтерін сатып алу – 0;  
мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0."

Аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Арал аудандық мәслихатының кезектен тыс алпыс үшінші сессиясының төрағасы

А. Асанбаев

Арал аудандық мәслихатының хатшысы

Д. Мадинов

Арал аудандық мәслихатының  
2020 жылғы 9 желтоқсаны № 421  
шешіміне қосымша  
2019 жылғы "26" желтоқсандағы № 300  
Арал аудандық мәслихатының  
шешіміне 1-қосымша

### Атанпи ауылдық округінің 2020 жылға арналған бюджеті

Санаты				2020 жыл сомасы (мың теңге)
	Сыныбы	Ішкі сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			1. Кірістер	33 513,5
1			Салықтық түсімдер	1 471
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 471
		1	Мүлікке салынатын салықтар	8
		3	Жер салығы	13
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1450
2			Салықтық емес түсімдер	1 491,5
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 491,5
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1 491,5
4			Трансферттердің түсімдері	30 551
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	30 551
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	30 551

Функционалдык топ				2020 жыл сомасы
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
		Бағдарлама		
			Атауы	
			2. Шығындар	33 513,5
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	18 548
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	18 548
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18 523
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	25
05			Денсаулық сақтау	214
	124		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл , ауылдық округ әкімінің аппараты	214
		002	Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру	214
07			Т ұ р ғ ы н үй-коммуналдық шаруашылық	1 046
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	1 046
		008	Елде мекендердегі көшелерді жарықтандыру	825

		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	221
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	10 964
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	10 964
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	10 964
13			Басқалар	2 741,5
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 741,5
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	2 741,5
			3. Таза бюджеттік кредит беру	0
			Бюджеттік кредиттер	0
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0

			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			6. бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
8			Бюджет қаражаты қалдықтарының қозғалысы	0
	1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0
		01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0
	2		Есепті кезең соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары	0
		01	Есепті кезеңнің соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары	0